

## Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының құрамына кіретін жобалардың тиімділігін бағалаудың ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 28 маусым N 968

Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын іске асыру кезінде мемлекеттік және мемлекет тартқан, соның ішінде мемлекет кепілдігіндегі қаржылық қаражатты пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының

құрамына кіретін жобалардың тиімділігін бағалаудың ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының құрамына кіретін жобалардың тиімділігін бағалауға уәкілетті орган болып айқындалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 28 маусымдағы  
N 968 қаулысымен  
бекітілген

Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының  
құрамына кіретін жобалардың тиімділігін  
бағалаудың ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының құрамына кіретін Жобалардың тиімділігін бағалаудың осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының (бұдан әрі - МИБ) құрамына кіретін жобалардың тиімділігін

бағалаудың объектілері мен элементтерін бағалауды, ақпарат көздерін, нәтижелерін жүзеге асырудың және пайдаланудың әдістері мен тәртібін айқындайды.

2. МИБ құрамына кіретін жобалардың тиімділігін бағалаудың мақсаты олар бойынша нақтыланған бастапқы деректерді қоса алғанда, іске асырылатын жобалардың сапасын жақсарту үшін, МИБ-ке мәлімделетін жаңа жобаларды талдау үшін және МИБ басымдықтарын түзету үшін, іске асырылатын және аяқталған жобаларды бағалау нәтижелерін пайдалану жолымен МИБ-ті жетілдіру болып табылады. Бағалаудың нәтижелері, сондай-ақ салалық және аймақтық стратегиялардың мақсаттарына түзету енгізу үшін де пайдаланылуы мүмкін.

3. Ереже МИБ құрамына кіретін жобалардың тиімділігін бағалауға уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган), сондай-ақ МИБ құрамына кіретін жобалардың іске асырылуын және бұдан кейінгі пайдаланылуын жүзеге асырушы, мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті органдарының және мемлекет кепілдігіндегі мемлекеттік емес заемдар есебінен іске асырылатын немесе іске асырылған жобалар жөніндегі заемшылардың (бұдан әрі - атқарушы агенттіктер) қолдануы үшін міндетті.

4. Жобаның тиімділігін бағалау қажеттілігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 P981389\_ қаулысымен бекітілген, МИБ-ті әзірлеудің және іске асырудың ережесінде МИБ міндеттерінің бірі ретінде айқындалған, МИБ жобаларының орындалуын бақылау жөнінде жүйелі жұмысты ұйымдастыру талаптарынан туындады.

## 2-тарау. Бағалау объектілері және элементтері

5. МИБ құрамына кіретін және іске асыру аяқталғаннан кейінгі (аяқталған жобалар) іске асыру кезеңіндегі (іске асырылып жатқан жобалар) және жұмыс істеу кезеңіндегі жобалар осы Ережемен айқындалған, тиімділікті бағалау объектілері болып табылады.

Ереже дайындық кезеңіндегі жобалардың тиімділігін бағалауға қолданылмайды. Мұндай бағалау уәкілетті орган бекіткен, МИБ құрамына мәлімделетін Жобалардың экономикалық сараптамасын жүргізу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Іске асырылатын жобаларды және олардың құрамдас бөліктерін бағалаудың элементтері нәтижелері болып табылады; аяқталған жобаларды және олардың құрамдас бөліктерін бағалаудың элементтері салдары мен ықпалы болып табылады.

7. Нәтижелер - жобаны немесе оның құрамдас бөліктерін іске асыру барысында және іске асырудың аяқталуы сәтінде қол жеткізілген, тікелей материалдық немесе материалдық емес салдарлары. Нәтижелер жоспар-кестеде көрсетілген, жоспарланған көрсеткіштермен салыстырылуы мүмкін.

8. Салдары - бұл аяқталған жобаның немесе оның құрамдас бөліктерінің нәтижелерінен қоршаған ортада туындаған өзгерістер. Салдары жобаның жоспарлау кезеңінде жасалған және техникалық-экономикалық негіздемеде тұжырымдалған

мақсаттарымен салыстырылуы мүмкін.

9. Ықпалы - бұл аяқталған жобаның әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсері. Іске асыру аяқталғаннан кейін жұмыс істеу кезеңіндегі жобаның немесе жобалар тобының салаға немесе аймаққа ықпалы шеңберінде жобаның жоспарлануы және іске асырылуы жүзеге асырылған салалық немесе аймақтық стратегиялардың мақсаттарымен салыстырылуы мүмкін.

10. Тиімділік - бұл тиісінше ішкі (жобаға қатысты) және сыртқы факторлардың үлесін бөлумен (талдаумен) нәтижелерін, салдарларын және ықпалын жобаның жоспарланған көрсеткіштерімен, мақсаттарымен және стратегиялардың мақсаттарымен салыстыру.

### 3-тарау. Тиімділікті бағалауға арналған ақпарат көздері

11. Мыналар тиімділікті бағалауға арналған ақпарат көздері болып табылады:  
іске асырылатын жобалар бойынша - орындаушы агенттіктің МИБ-тің құрамына енгізілген жоба жөнінде орындалған жұмыс туралы есебі;

аяқталған жобалар бойынша - орындаушы агенттіктің аяқталған жобаның жұмыс істеу барысы туралы есебі.

12. Орындаушы агенттіктің МИБ-тің құрамына енгізілген жоба

жөнінде орындалған жұмыс туралы жоспар-кесте және есеп беруінің нысаны, мазмұны және мерзімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 маусымдағы N 848

P000848\_

қаулысымен бекітілген, МИБ-ті іске асыру мониторингін жүзеге асыру ережесінде айқындалған.

13. Орындаушы агенттіктің аяқталған жобаның жұмыс істеу барысы туралы есебі қол жеткен нәтижелер, салдарлары мен ықпалы туралы мәліметтерді қоса алғанда, уәкілетті органның сұратуы бойынша беріледі және маркетинг, техникалық, әлеуметтік, экологиялық, қаржы институциональдық және экономикалық бөлімдер бойынша жоспарланған нақты деректерді салыстырудан тұрады.

### 4-тарау. Тиімділікті бағалау әдістемесі

14. Нәтижелерді бағалау кезінде:

1) жобаның дайындау кезеңінде жоспарланған және түзетілген жоспар-кестеде көрсетілген мынадай нақтылы өлшемдердің сәйкестік дәрежесі

белгіленеді:

- заттай алғандағы жұмыстар көлемі;
- іске асыру кезеңдері;
- қаржы шығындары;
- жобалық қуаты;

2) қол жеткізілген көрсеткіштердің стандарттар талаптарына және жоспарлау кезеңінде тұжырымдалған өзге де талаптарға сәйкестік дәрежесі белгіленеді;

3) жоспарлау кезеңінде қабылданған алғышарттардың (бастапқы деректердің), сондай-ақ күтіліп отырған ағымдағы шығындардың және оларды қаржыландыру көздерінің расталу дәрежесі белгіленеді;

4) іске асыру барысында туындаған кедергілер мен оларды жою шаралары талданады және іске асыруға қатысушы тараптардың іс-қимылдары бағаланады;

5) нәтижелер алуда ішкі (жобаға қатысты) және сыртқы факторлар үлесінің ара қатынасы белгіленеді;

6) жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізудің тиімділігі туралы қорытынды жасалады.

15. Салдарын бағалау кезінде:

1) жобаның қойылған мақсаттарына қол жеткізу деңгейі белгіленеді;

2) мақсаттарға қол жеткізуде ішкі (жобаға қатысты) және сыртқы факторлар үлесінің ара қатынасы белгіленеді;

3) ағымдағы шығындар туралы нақты мәліметтер және жоспарлау кезеңінде жасалған алғышарттарды растау деңгейіне талдау жасалады;

4) Жобаның жоспарланған мақсаттарына қол жеткізудің тиімділігі туралы қорытынды жасалады.

16. Әсерін бағалау кезінде:

1) салалық және аймақтық стратегиялардың жоспарланған мақсаттарына қол жеткізуде жобаның басқа жобалар қатарында үлесінің ара қатынасы белгіленеді;

2) саладағы немесе аймақтағы мемлекеттік инвестициялардың басымдықтарына түзету енгізу жөнінде ұсынымдар әзірленеді;

3) жоспарлау кезеңінде жасалған (бастапқы деректер) ағымдағы шығындар туралы нақты мәліметтер және алғы шарттардың растау дәрежесі талданады;

4) салалық және аймақтық стратегиялардың жоспарланған мақсаттарына қол жеткізуде жоба үлесінің тиімділігі туралы қорытынды жасалады.

17. Бағалаудың барлық түрін орындау кезінде жаңа (келешек) және жұмыс істеп тұрған жобаларды дайындау және іске асыруды және тұтастай МИБ-пен жұмысты

жақсарту жөнінде ұсынымдар тұжырымдалады.

5-тарау. Тиімділікті бағалауды жүзеге асырудың және оның нәтижелерін пайдаланудың тәртібі

18. Уәкілетті орган дербес немесе жобаны іске асыруға қатыспайтын тәуелсіз сарапшыларды және мемлекеттік басқару органдарын тарта отырып, тиімділікті бағалауды жүзеге асырады.

19. Іске асырылатын жобалардың тиімділігін бағалаудың нәтижелері туралы есеп жыл сайын жасалады және жаңа жобаларды талдау кезінде пайдаланылатын, оларды іске асырудың жоспар-кестесіне қажетті өзгерістер енгізу жолымен бағаланатын жобалардың сапасын жақсарту үшін және алғышарттарды (бастапқы деректерді) түзету үшін пайдаланылады. Іске асырылатын жобалардың тиімділігін бағалау нәтижелері туралы есеп, сондай-ақ МИБ-тің өткен кезеңдегі орындалуын талдауға қатысты. МИБ-ті талдау бөлігінің бөлімін дайындау кезінде пайдаланылады.

20. Аяқталған жобалардың тиімділігін бағалаудың нәтижелері туралы

есеп әрбір жобаға қатысты оның ерекшеліктерін ескеріп орындаушы агенттікпен келісім бойынша уәкілетті орган белгілеген, жұмыс істеудің белгілі бір кезеңі өткеннен кейін жасалады. Аяқталған жобалардың тиімділігін бағалаудың нәтижелері туралы есеп МИБ басымдықтарын түзету үшін пайдаланылады және сондай-ақ, салалық және аймақтық стратегиялардың мақсаттарына түзету енгізу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Оқығандар:

Бағарова Ж.А.

Орынбекова Д.Қ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК